

**Тұңғыш қазақ кәсіби мүсінші Хакимжан Наурызбаевтың
шығармашылығы туралы «Күміс университетінің»
еркін тындармандарына дәріс жүргізілді**

17 наурыз 2026 ж. сағат 11.00-де Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының Кинозалында «Тұңғыш қазақ кәсіби мүсіншісі Хакимжан Наурызбаев шығармашылығының XX ғасыр Қазақстан мүсін өнеріндегі орны» тақырыбында Күміс университетінің еркін тындармандарына дәріс оқылды. Сонымен бірге дәріске «Көркемсурет» кафедрасының «Мүсін» білім бағдарламасының ұстаздары мен студенттері қатысты. Дәрісті оқыған PhD докторы, ҚР қауымдастырылған профессоры Е. Б. Кайранов.

Атақты кәсіби мүсінші, ҚазКСР Халық суретшісі, ҚазКСР өнерінің еңбек сіңірген қайраткері, Ш. Уалиханов атындағы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, «Тарлан» сыйлығының иегері, «Парасат» орденінің кавалері, ҚР ЖАК профессоры Х. И. Наурызбаев XX ғасырда отандық мүсін өнерінің өз заманына сай қалыптасып дамуында үлкен рөл атқарған халық суретшісі. Өзінің табиғи дарындылығы мен еңбекқорлығының арқасында, шығармашылық өмірінің соңына дейін қазақтың алғашқы суретшісі Әбілхан Қастеев сияқты, туған елінің мәдениетін өркендетуге тынбай еңбек еткен тұлға. Ұлттық кәсіби мүсін өнерінің негізін қалаушы ретінде 300-ден астам мүсіндік туындылары классикалық мұра болып қалған. Ол отандық мүсін өнерінің арнайы орта және жоғары білім беру мектептері қалаушыларының бірі, көп жылдар бойы Т. Жүргенов атындағы ҚазҰӨА профессоры қызметін атқарған. Оның көптеген шәкірттері Қазақстанның XX ғасыр соңы және XXI ғасыр басындағы станоктік пен монументалды мүсіндік ескерткіштердің авторлары болып келетін белгілі суретшілер-мүсіншілер.

Дәріс аяқталған соң Күміс университетінің еркін тындармандары Т. Жүргенов ат. ҚазҰӨА-сындағы «Мүсін» білім бағдарламасының оқу шеберханаларын аралап, студенттердің білім алу барысымен танысты. Танысу барысында Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, «Кескіндеме, мүсін және дизайн» факультеті негізін қалаушыларының бірі, «Көркемсурет» кафедрасының профессоры, белгілі суретші-мүсінші Ескен Сергебаевпен кездесу-сұхбат жүргізілді. Х. Наурызбаевтың шәкірті ретінде ол әйгілі мүсінші туралы өзінің қызықты естеліктерін де айтып берді. Сонымен қатар, басқа да шәкірттері, соның ішінде, заманауи танымал мүсіншілер, «Құрмет» орденінің иегері, «Көркемсурет» кафедрасының профессоры М. С. Жунисбаев, және «Парасат орденінің иегері, «Көркемсурет» кафедрасының доцент Б. Д. Құсайынов мүсіншінің ұстаздық қасиеттерін еске түсірді.









